

ӘМІР ОРАЛБАЙ

ОЛМА



ӘМІР ОРАЛҒАН

ӘЛІЯ

Деректі повесть

Алматы
Ер-Дәулет
Қазақстан
1994

ББК 84 Каз7 -44
О 65

О 65 Оралбай Әмір

Әлия: Деректі повесть. - Алматы: Ер-Дәулет -
Қазақстан 1994. -154 б.
ISBN 5-615-01625-6

Аты аңызға айналған Әлия Молдағұлова туралы деректі повесть батыр қыздың өткен өмір жолы, ерлік шежіресі көркем тілмен суреттеледі. Өлім мен өмір сынға түскен қатерлі күндер шындығы, Әлияның нәзік жан дүниесі шынайылықпен өріледі.

ISBN 5-615-01625-6

ББК 84 Каз7 - 44

© Ә.Оралбай. 1994

О $\frac{4702250201 - 00}{401 (05) - 94}$

Без объявл.

Тамыздың тамылжыған таңы. Армияның штабынан полковник Горохов хабарласты. Ол кадрлар бөлімін басқаратын.

- Қалай, жарқыным, жаумен жағаласып жатырмысыңдар? Өтініштеріңді орындаудың сәті түскелі тұрғанын қарашы. Құралайды көзге ататын мергендердің бір тобын сендерге қарай жөнелткелі отырмын. Олар түс ауа шаң беріп қалар. Дұрыстап қарсы алыңдар!

- Көңіл бөлгендеріңізге рақмет, жолдас полковник! - деді де бригада командирі Николай Матвеевич Уральский майдан шебіндегі жағдайды баяндады.

Командалық пункттен шыға беріп, алдындағы мұнартқан жау шебіне көз тастап, ойланып қалды: «Несі бар, мергендерден тартынбаймыз. Барған сайын армия штабындағыларға қыңқылдап жүргенмін. Сәті түскен екен. Тап қазір мергендер әбден қажет-ақ. Қол ұзармай тұр. Жоғары командованиенің кейбір нұсқауларын орындауға күш жетіңкіремей, титықтап қалдық. Кәдімгідей қажытып тастады. Өршелене алға ұмтылатын төртінші батальонның жүрісі өнбей қойды. Қарсыдағы фашистердің қорғанысқа қолайлы, ұрымтал тұсқа орналасқаны жүйкеге тиіп тұр. Соны сезген олар да атыс позицияларын оңтайлы етіп түзеп, бас көтертер емес. Мергендер келсін, сыбағасын алар

өздері, әзірге масайрай тұрсын. Еркінсіп алған күндеріне зар болар әлі». Саяси жетекшіден сүйінші сұрамақшы.

Бірауық алғы шепке дүрбімен қарады. Фашистердің бекінісі сырт көзге қораш көрінеді. Әлгінде қимыл-қозғалыс көп сияқтанған. Саябырсығандай. Комбриг мұны неге жорырын білмей тұр. Дүпірімдеп алға жылжығанды қолай көретін кездер олар үшін көзден бұл- бұл ұшты. Сонда да жаудың беті қайтпаған сыңайлы. Әуеден шүйіліп келіп көмектесетін «юнкерстері» мен «хейнкельдеріне» сене ме, әйтеуір, жалын күжірейтуге құмар. Алыстан атқылайтын артиллериясын да жан баласына білдірмей жасырып қойған. Міндетті түрде барлаушыларды жіберіп, жау күшінің орналасу параметрлерін анықтағысы келеді. Тек сәл күте тұрғанды қолайлы көреді. Ыссылай ұрынғанды нәті жақтырмайды. Фашистердің тынши қалғанында бір мәніс бар сияқты көрінеді оған. Комбригтің мазасыз көңілі әлденеге елегзиді. Дұшпан үшін бригада жайғасқан окоптарға сансыз мол снарядты лақ еткізіп ақтара салу түкке тұрмайды. Қайта сонысымен сұс көрсететінін қайтерсің. Ал бригаданың артиллериясының әрбір қимылы тұсаулы, көл-көсір ештеңе жоқ. Соғыстың үшінші жылы, бірақ комбригтің өзінің мұндай жағдайға көндіге қойғаны шамалы.

- Мергендер келсе, әлгі «құзғынның» көзін жоярмыз, бәлкім. Әккі болып алыпты. Із тастап атады. Түлкібұлаңға салып діңкелетіп тұрғаны жанға батады, - деді саяси бөлімнің бастығы Василий Иванович Ефимов комбригтің ойын дөп басып. Бұл әскери құраманың командирі мен саяси жетекшісінің арасында жолдастық жарасым бар еді. Олардың ойы көбіне бір арнада тоғысып жататын.

- Соны бірыңғайласақ. «Тіл» әкелмесек те болатын емес. Өстіп жасырынбақ ойнау қашанға дейін созылар дейсің. Қолымызда мәлімет болса ғой.

- Мен саяси жұмысты өрістетіп отырмын. Осындай тыныштықты пайдаланып қалмақ ойым бар, командир, мұнымен келісемісің? - Ефимов әңгіме кезінде де жау шебіне қарағыштай берген командирінен сауалының жауабын тосқан.

- Қалай ұйғарсаң да бұл шаруаның ретін білесің, мен төрелік ете алмаймын, бір тілегім, жас мергендер де назардан тыс қалмасын.

Екеулеп мергендерді күтіп алмақшы болған. Қас қарайғанша олардың қарасы көріне қоймады.

Ертеңіне таң ата жыл құсындай зарықтырып жеткен мергендер бригада штабының алдында сап түзеді. Уральский өз көзіне өзі сеніңкіремей тұр. Кілең қыздар. Не дерін білмей, сасқалақтап қалды. Бригада тұрмақ, армияда да бұрын-соңды мерген қыздар жоқ болатын. «Қатырған екен,- деді іштей,- жарыған деген осы, асханаға жіберуге адам таппай жатыр ма екенбіз, мұнысы несі, тағы? «Өз оттарына өздері жылынсынның» - кебі ғой бұл». Нағыз солдаттарша тізілген мерген қыздарды барынша жылы қабылдауға тырысты. Әуелі майданның осы маңайдағы жай-күйіне тоқталды, олардың алдағы солдаттық өміріне ізгі тілегін білдірді. Сөзінде діріл болмаса да, өңкей қыздардан не қайран болатындығына көзі жете қоймай, ішінен мазасыздана береді. Сол жақ қапталда тұрған монтиған қой көзді, қара шашты, онша бойшаң емес қызға көзі түсті де, өзінің күдігіне зәредей де күмәні қалмады. «Әй, қайдам, майдан дегенің ойыншық емес-ау, қыздарға ауыр соғып жүрмесе неғылсын.»

- Жауынгердің аты-жөні кім? - деп қасында тұрған полковник Андреевке бұрылған. Полковник айтып үлгірген жоқ, сырт көзге талдырмаш көрінген қыз тақ ете қалды:

- Снайпер Молдағұловамын, жолдас гвардия полковнигі!

- Снайпермін деймісің... - Уральский сәл мүдіріп қалып, қайта сұрады.

- Дәл солай!

Жанарынан жасқанудың зәредей де ізі байқалмайды. Ал Уральский болса оның балаңдықтан арыла қоймаған, мөлдіреген нәп-нәзік жүзіне қарап, оқтың өтіне жіберуге қимады. Полковник Андреевке жарлық берді:

- Бізде осы жаралылар бар емес пе? Асханаға барып, соларды тамақтандырсын.

Мәселені шештім деп ойлаған комбриг саптан ұзай берген. Жаңа әзірде ғана өзі сөйлескен қаршадай қыз алдын бөгеді. Әскери тәртіппен рұқсат сұрады да, ойындағысын айтты:

- Жолдас полковник, мен майданға картоп аршуға келген жоқпын, жаудың көзін жоюға келдім.

Мұндай батылдықты күтпеген комбригтің өзі әжептеуір әбіржіп қалды да, бірден үн қата қоймады.

- Иә, иә, жолдас полковник, жаудың көзін жойсам деп едім.

Тәжірибелі командир қыздың өткір жанарынан от байқап, оның қаруының қандай күйде екендігін көрмекке бекінді. Винтовканың о жер, бұ жерін сынай қараған, айнадай жарқырап тұр, мұндайда артық сөз айтудың өзі қисынсыз-ау. Оптикалық дәлдікті реттейтін тұсынан да көзге ерсі көрінген ештеңені байқай алмады, керісінше бәрі де ұқыпты қолдардың күтіп ұстайтындығын еске салатындай. Мылтықтың дүміндегі жазуды оқыды: «Үздік атқаны үшін комсомолдың Орталық Комитетінен». Әдемі етіп әлеміштеп, ойып жазыпты. Солдаттың жүзіне енді қараған. «Құдайым-ау, өмірдің ләззатына шомылуға тиіс қарындас-тарымызды сапқа қосқан зұлмат соғыс-ай, қайтейін!» Күдігі сейілді, әрине, оның үстіне қыз жанарындағы ұшқын да

талай жайдан сыр тарқатады.

- Бағанадан бері осылай демеймісің!- бұл жолы командир ризалық пішінмен қарады.

- Мен, міне, осындаймын!

- Жарадың, жауды жайрата беруіңе тілектеспін!

Командир мен жауынгер риясыз көңілмен тарқайды.

Командир қаршадай қыздың пысықтығына тәнті болса, ал оның жауынгері үлкен жүректің қамқорлық сезіміне бөленді.

2

Автоматшылар батальонының үстіне оқ жауды. Майданға бірінші рет келуі емес пе, мерген қыздар жер жаһанды дірілдеткен гүрсілден кәдімгідей қорқасоқтап қалды. Жарылыстан жан түршігеді.

- Бұл біздің күнделікті көретін құқайымыз, - деді комбат Жарков, - Әлі-ақ бұған да көндігесіңдер. Шама-шарқымызша сендердің қырғын ұрыстың ортасына баруларыңды тежеуге тырысып, қолдан келгенше амандықтарыңды сақтауға күш саламыз. Бірақ, соғыстың аты соғыс, әрбір қадамдарыңды абайлап басыңдар. Сақтанған айып емес.

Жертөлеге жайғасқан қыздар үнсіз бас изеді.

- Сәл болмағанда асханадан бір-ақ шыға жаздадың-ау, Әлия, - деп жатыр құрбылары, - Онда бізге көңілсіз болатын еді. Осылай жұбымыз жазылмасыншы.

Сыңғырлаған сылқ-сылқ күлкі. Әйел күлкісін көптен естімеген басқа жертөледегілер елең етті. Олардың да дауысы жарқын-жарқын шығады. Әлгіндегі жау минометтерінің ажал сепкен атқылауын бәрі де бір сәтке естен шығарды.

Жертөлені тыныштық жайлады. Күлкі де, өзара

әңгіме де сап тиылды. Құрбылар өздерімен өздері. Қиял құсы шартарапты самғап кетті. Әлия да алыста қалған ауылын еске алды. Бұлақ ауылы жадында еміс-еміс сақталып қалыпты. Шөбі шүйгін, көк жасыл желектің ортасына орналасқан еді. Таудан төмен қарай құлдилап, жарысып ойнайтындары есінде. Өйткені, таудан әрі қарай асуға ешкім жібермейтін. Таудың арғы бетінде Қобда ағып жатады. Соған кетіп қалмасын дейтін болар. Бұлақтағы күндерінен санасына сіңіп қалған тағы бір сурет бар. Ол - құлын. Сыртқы түгі ақшыл сары. Балалар бұлақ басында тиыш жатқан құлынды өздері үркітіп, қуалай жүгіретін. Біраз ойнақтағаннан соң балаларға бауыр басып, тұра қалатын.

Анасының мол мейірімі, содан кейін ары-бері шапқылаған, асыр салған құлынның әдемі қылықтары - сол қам-қайғысыз күндерден қалған үзік-үзік суреттер осылар ғана. Анасының қайтыс болғанын да біліп жарытпайды. Әйтеуір аш-жалаңаш жылдардың құрбаны болғанын айтқан нағашы ағасы Әубәкір. Әлия ерте айрылған аяулы анасымен күбірлеп сөйлесіп кетті: «Анашым менің, міне, мен де есейдім. Елімді қорғайтындай күйге жеттім. Қобда мен Нева суын тел сімірген қарашығың ел басына қара бұлт үйірілген кезде енжар қала алмады. Әскери комиссариаттың табалдырығын тоздырып, мергендер мектебінен бір-ақ шықтым. Жауған қардай бораған майдан шебіне де келдік. Бұдан былай қасық қанымыз қалғанша соғысуға бармыз. Ата-бабалардың жеріне жауды аттатпайтынымызға кәміл сенуіңізге болады. Анашым менің, Қобыланды батырдың әруағына сиынамын, қажет болса туған атырапта қан төгілмес үшін ғұмырымды қиюға әзірмін!»

- Не дейсің, Әлия? - Шураның дауысынан селк ете қалған Әлия бірден тоқтай қойған жоқ, ойын аяқтап үлгірді.

- Қыздар-ау, ұнжырғымыз түсіп кетті ғой, - Розаның үні бәсең шықты, - Одан да ән айтайықшы.

- Сен баста!

- Ал, бастап жібер!

- Өзің ше?

Қыздардың қай-қайсысының да жайы белгілі. Бәрі де күндегіден өзгеше, жүздері сынық. Өмір мен өлім беттескен алғы шеп оларды түрлі ойларға жетелеп, мазасыз күй кешуге мәжбүр еткен, майдан шебіне жеткенше де талай тұтқиыл шабуылдардың астында қалып, құрбыларынан айрылды емес пе? Бір гитлершілді жер жастандырмай-ақ қапияда қаз тапқандар қаншама. Қыздар да шайқастың қақ ортасында жүрген әрбір сәттерінің қауіп-қатерге толы екендігін бағамдаған. «Сен айт та сен айттың» аяғы «Қасиетті соғысты» шырқауға ұласты. Нәзік дауыстар жүректі тебірентеді. Окоптың оққа оранған тірлігіне біржола мойынсұнған жауынгерлерге көрші жертөледен шырқалған ән тылдың тынысын әкелгендей әсер қалдырды. «Бұған да шүкір» - деген олардың бірі...

Комбат Жарков автоматшыларды майданның екінші легіне ысырғанына ренжулі. Бірақ, тапсырма осылай, қарсы дау айтуға шама жоқ. Мүмкін, майдан командашыларының тактикасы болар бұл. Білетіні бұлар Холм қаласының оң қапталында. Жау снарядтары екінші лекке де жетіп жығылып жатыр. Ал әуе шабуылы басқа шаруаға алаңдауға мұрша бермей тұр. Келгендеріне бірнеше күн болған мерген қыздардың жайы да алаңдатпай қоймайды. Мұны комбриг жеке қадағалаймын деген. Жау артиллериясының ырғақты атысы оны да мазасыздандырып, ойын сан-саққа бөліп әкеткен болар-ау.

- Қыздар, қалай тұрып жатырсыңдар? - деген комбат мергендердің жертөлесіне бас сұғып.

Мергендер жертөледен жүгіре шықты да, сап түзеп тұра қалды. Комбат олардың әскери өмірге бейімделе бастағандығын аңғарып, жүзі жылып сала берді.

- Жалықтырып алған жоқпыз ба?

- Майданға келгенімізді сезінеміз, жолдас комбат!

- Олай болса, сынақ атысына дайындалыңдар!

Старшина Гаврилов атыс позицияларын комбаттың тапсырмасы бойынша әлдеқашан дайындап қойған. Ол қыздарды мылтықты қалай атудың мәнісімен таныстырып тұрып, жеңіл қағытып өтті:

- Қарындастар, айыпқа бұйырмаңыздар, бұл жолы-жендеттерді тірілей көздеуге мүмкіндік тудыра алмадық, аспай-саспай ата берулеріңізге болады. Қолдарыңды ешкім қақпайды. Іске сәт!

Тақтайдан жасалған нысаналарды көздеген қыздар винтовкаларының шүріппесін армансыз басты. Нысаналардың бірі құласа, бірі мызғымай тұр. Кезегі келгенде Әлия да нысаналарды құлатуға кірісті. Неге екенін кім білген, нысаналарды ата бастағанда оның бойында жауға деген өшпенділік пайда болды. Нысаналар құласа көңілі көтеріліп, сол күйі тұрса шынымен-ақ әбіржіп қалады. Ішінен өкінеді: «қап, асығыс атып жібергенімді қарашы.»

Түстен кейін сынақ атысының қорытындысы жарияланды. Комбат сап алдында сөйлеп тұр:

- Бүгін нысананы көздедіңдер. Бұл ештеңе емес. Күні ертең солардың орнында фашист тұрады. Соғыстың аты соғыс. Ыждағаттылық серік болса, табысқа жететіндерің күмәнсіз. Мергендер мектебін бекерге бітірмегендерің көрініп тұр. Нысананы салқынқандылықпен көздейтіндерің ұнады. Сынақ атысында бәрінен де жақсы көздеген Әлия Молдағұлова...

Қол шапалақталған. Әлия толқып кетті де, комбаттың

бұдан соңғы сөздерін тыңдай алмай, өзімен-өзі болды. «Рас па, өзі? Тәуір атыппын, демек, фашисті де жайратуға болады ғой.» Комбаттың соңғы сөздеріне құлақ түрді:

- Мен Сіздерге алғыс жариялаймын!

- Совет Одағына қызмет етеміз!

Әлияның даусы да нық естілді.

3

Оянып кеткен Әлия өзіне «тұр-тұрлап» жатқан Зинаға:

- Қайда? - деді. Ол да аяқ астынан қойылған сұраққа не дерін білмей, сасып қалды. Сәл мүдіріп барып, жауап берді:

- Өзім де білмеймін, Лия. Әйтеуір комбат «қазір барамын, сапқа тұра берсін» деп старшинаны жіберіпті. Мүмкін, алғы шепке кететін шығармыз.

- Қыздар! Бұдан артық қандай қуаныш керек!? - деді Әлия ұйқысы шайдай ашылып, - Жексұрын фашисті жайратар күн жақындады. Тезірек барсақ екен, сазайын беретін!

- Ой, Лия, осы сенің қызбалығың-ай! Әлі-ақ бәріне де үлгіреміз: соғысып та, күйеуге шығып та, - деп жатыр Валя Бученкова.

- Мен Лияны қостаймын, - деді Надя Матвеева, - Босқа қашанғы отыруға болады? бұдан да тылда көбірек пайда келтірер едік. Майданға келдік екен, жауды жер жастандыруымыз керек.

- Иә, соны айт! Фашистердің көзін тезірек құртсақ екен, көзге түрткі қылмай. - Мұны айтқан Шура Ужегова.

Араға сағат салып қыздар дербес саперлар ротасының штабына келді. Рота командирі Гальперин суық қарсы алды.

- Бізде мергендерге орын болса, бір сәрі. Бірақ, бұйрықтың аты бұйрық. Комбриг бұйырды, біз орындаймыз. Тұрмысымыз салыстырмалы түрде өзгелерге қарағанда тәуір. Комбриг осыны қаперге алған болар. Ара-тұра болса да «аңға» шығуға қолғабыс берерміз.

Рота командирінің сұсынан именді ме, қыздардың жол бойғы өректіген көңілдері су сепкендей басылды. Олар окопты да ықылассыз қазды.

- Мергендер бөлімшесі, сапқа тұр! - Старшина Новиковты рота командирі бөлімшені басқаруға бөлген. Оның бұйрығын қыздар мүлтіксіз орындады. Аз уақыттың ішінде қыздар старшинаға бауыр басып кеткен. Оны «қашан» аңға» шығамыз?» деп күнде мазалайтын. Старшина ылғи сөзінің соңын әзілге айналдырып құтылатын. Бұл жолы оның дауысы жарқын шықты:

- Ал, қыздар, «аң аулауға» шығамыз! Командирдің тапсырмасын орындауымыз керек.

«Аңшылар» жайлы ұяларға жайғасты. Қас қылғандай кеше ғана жадырап тұрған күн түнеріп алды. Атыс ұяларынан жау орналасқан тұсқа қадала қараған мерген қыздар ештеңені айыра алатын емес. Көк жасылға малынған жазықтықтан өзге ешнәрсе байқалмайды. Көкжиекке ұлсақан дала сұлулығымен баурайды. Шегірткенің шырылы ғана тылсым тіршіліктен хабар береді. Басқа дыбыс, не қозғалыс болсашы.

Әлия да винтовкасын қысып ұстаған күйі үн-түнсіз жатыр. Әлдене сыбдырлағандай болып еді, құлағын түре қалған, артынан ізім-қайым жоғалды. Жүрегі құрғыр да атша тулайды. «Маған не көрінген?» Жоқ, сәлден соң басылайын деді. Көкіректі кере дем алды. Маңдайы жіпсігендей болды. Енді мерген қыздың ойына «Қобыланды батырдағы» әжесінен естіген жолдар оралды:

«Үстіндегі сауыттан
Атсаң оғың өтпейді,
Шапсаң қылыш кеспейді.»
«Осылай болса ғой.»

Винтовканың сыры иесіне мәлім. Дәл көзделмеген тақтай қалмады. Әрі-беріден кейін құрбылары да оның қайсарлығынан мезі болатын. «Туу, сірә, бір шаршамайды екенсің, тақтайды атқаннан фашистің ештеңесі кетпейді, одан да оғыңды жауды жайратуға үнемде, не көрсек те ұрыс үстінде көрейік, өліспей беріспейтіміз бір құдайға аян». Құрбыларының айтқанын тыңдауға Әлияның мұршасы болмайды. «Айта берсін, - деп ойлайды ол, - жайшылықта жаттығып, мергендікке машықтанбаса, соғыстың сұрапылы мүмкіндік бере қоймасы анық. «Сондағы малшынып терлегені босқа кетпегенін іспен дәлелдеуі керек. Осы мезетте жау жақтан адам қарасы көрінгенде тұла бойын діріл биледі. «Қайтсем тигізем?» Винтовкасын қозғады. Оптикалық көздегіштен түк көрінбеді. «Мұнысы несі? Әдепкіде көзі қарауытса керек, енді көздегіштен бәрі алақандағыдай көрінгенде қуанышын ірке алмады. «Бәлем, сазайыңды тартасың енді. «Әлия сабырлы қалпында алдына қарады. Әлгі жендет түртінектеп, әлденені іздеп жүр. Көздегішке қайта үңілгенде қолы қалтырады. «Жо-жоқ, құдай қорқасоқтаудан сақтасын. «Нәзік саусақтары винтовканың шүріппесін басуға ыңғайланды. Оптикалық көздегішке келтіріп қойып, бір оқты жөнелтті. Бойындағы дірілдің әсерінен бе, оқ дарымады. «Қыздар, кешіріңдер, өзімнің қатемді өзім түзеймін». Атып жіберді. Бұл жолы дәл тиді. Екінші оқ әлгі фашисті құтқармады. «Өзі де сорлы, зуылдаған оққа пысқырмаған сыңай танытқан». Атуын атса-дағы жаулардың бір әулетіне өлім сыйлағаны жанға батады. «О, тоба, осылай адам өлтіремін деп ойлаппын ба,

ұшқыш болғым келетін, елімнің еңселі азаматы атанғанды көңілім қалайтын. Мүмкін, оның жазығы жоқ та шығар? Мен не деп тұрмын, «рейхтің» намысын жыртып қорғап жүрген солар емес пе, ендеше, өзекті жанға бір өлім, мен бүгін өлтірмесем, ертең олар менің отандастарымды өлтіреді ғой. Солай, бірінсіз бірі мүмкін болмайды бұл жалғанда.» Бұл кезде өзге ұядағылар да мергендік есебін ашып жатқан.

Қыздар «аң аулаудан» жамыраса әңгімелесіп оралды. Бірін-бірі құттықтап жатыр.

- Лия, жарайсың!

- Валя, ерледің!

- Надя, осы бағытыңнан тайма!

- Енді жақсылап демалуға болады. Көптен ішкен асымыз бойға сіңбей жүрген.

Жуынып-шайынғаннан кейін үнемі Әлияның жанынан шықпайтын Надя қолқа салды.

- Лия, менімен медсанбатқа баруға қалай қарайсың? Шаршап тұрсаң, өзің біл. Мана әзірде кездейсоқ қолымды айдалада жатқан темірге сыдыртып алдым. Удай ашып тұр. Жара болып кетер, таңдыртып алайын қыздарға.

- Жарайды, - деді Әлия құрбысының көңілін қимай өзі тезірек Сапураға жазған хатын аяқтағысы келіп отырған. Надя медсанбатқа кіріп кеткенде бітіре салармын деп ойлады.

Медсанбатқа келген соң Әлия сыртта қалды. Тапсырманы орындауға кетердің алдында ғана бастаған хатын аяқтамақшы. Хатты қашан да жылдам әрі қысқа жазады. Ұзаққа созғанды жаны жақтырмайды. Осы жолы да хатты әрі қарай созбай, бітіре салды. Мақтанғандай болмайын деп бүгінгі мергендік есебін ашқандығы туралы жаза қоймады. «Өмір болса, өзім жайратқан фрицтердің санын жазатын күн де келер.»

- Сәлеметсіз бе, қарындас! Медсанбаттарыңда қатардағы жауынгер Григорьев бар ма екен?

Әлия өз көзіне өзі сенбеді. «Бұл кім қазақша сөйлеп тұрған?» Іле-шала жауап бере алмай, сасып қалды. Өзіне зер сала қараған орта бойлыдан жоғары, бидай өңді жас лейтенантты көрген бойда орнынан тұрып қарсы алды. Ойын тез жеткізу үшін орысша сөйледі:

- Жолдас лейтенант, мен медсанбаттан емеспін, осында құрбыма еріп келдім.

Лейтенант бейтаныс қыздың орыс тіліндегі жатық жауабына тәнті болды:

- Мазалағанымға кешірім өтінемін, қазақша сөйлегенімді айыпқа бұйырмассыз; қазақтың қызы ма деп ойлап қалып едім.

- Қателескен жоқсыз, қазақ қызымын!

- Міне, ғажап! Танысып қояйық. Арман Мұратов, екінші батальонда взвод политругімін.

- Ефрейтор Әлия Молдағұлова, саперлер ротасынамын.

- Командирлерің Гальперин болар. Білемін, тәуір командир деп мақтайды. Қаталдығы да бар ғой деймін.

- Бізге сол қатал болғанының өзі жақсы.

Енді Арман ыңғайсыз күйге түсті. Алғы шептен қазақ қызын көремін деп сірә, ойламапты. Жаңа әзірдегі ашық, аңқылдақ сәттерінен жұрнақ та қалмаған. Әлия жауап берді де, томсырайып кетті. Ұялшақтығы жеңіп тұр. Қысылақымтырыла Арман сөз бастады.

- Сапермін дейсіз бе?

- Жоқ, біз-мергендерміз!

- Мergen?!..

Арман қаршадай қыздың құралайды көзге атқан мергендігіне шүбәлі жандай қарады. Қолын таңып алған

Надя да бұл кезде іштен шыққан. Арман асығыс екендігін білдірді:

- Ал, жақсы, Әлия, көріскенше!

Надя ішке ентелей кіріп бара жатқан лейтенанттың соңынан қарап қалыпты:

- Бұл кім өзі?

- Жерлес болып шықты. Бірақ, басқа батальоннан.

Надя құрбысымен қалжыңдаспаққа оқталған, бірақ, Әлияның жүзінен байсалдықтың нышанын байқап, үндемей қалды. «Жас офицер қызымыздың жүрегіне шоқ тастап үлгірген бе, бұл қалай болды өзі?»

- Қалай, Надя, дұрыстап танды ма, ауырсынып тұрған жоқпысың?

- Иә, әйтеуір, дер кезінде келіпін, жара болып кетуі де кәдік екен.

Құрбылар саперлер ротасы орналасқан жерге қарай асыға аяңдады.

4

Мерген қыздар окоптың сызына да көндікті. Бейне бір жайлы орындыққа ыңғайлы үстелге жайғасқандай-ақ бәрі де жапатармағай хат жазуда. Әлия да қаламсабын қолына алды. «Қалай бастасам екен?» Жылдам жаза бастады:

«Отаныма сәлем!

Сәлемтсіз бе, аяулым Сапура!

Сен мені ұмыттың ба! Калинин батпақтарынан осымен неше мәрте жазып отырмын, бірақ, сенен бірде-бір хабар қолыма тиетін емес. Мұны қалай түсіндіруге болады: мүмкін, сен жазбайтын боларсың, мүмкін, хат ұзақ жүретін болар.

Бірақ, саған не туралы жазбақпын? Бұдан бұрын хабарлағанымдай, жақсы тұрып жатырмын. Майдандағылардың санатында болсақ та, үлкен қауіп төніп тұрған жоқ. Өйткені, қорғаныстамыз. «Аң аулауға» да сирек шығамыз, ал қалған уақытта демаламыз.

Өзім туралы бары осы.

Қымбаттым, өзіңнің өмірің туралы, ауыл жайында, апай жөнінде, Әубәкір ағам турасында толығырақ жаз. Ол туралы ештеңе білмеймін, тіпті оның адресінен де бейхабармын. Егер оның адресін білетін болсаң, маған салып жібер. Мен туралы апайға айт. Мен оған да хат жазғанмын, жауап жоқ, мұны қалай түсіндірерімді білмей отырмын.

Әзірге осы ғана. Мен туралы ағама хабарла. Қайда тұратынын білсең, адресін салып жібер.

Қымбаттым, сенің хабарыңды асыға күтемін, өзің туралы толық жаз. Бәріне де сәлем!

Тезірек көріскенше!

Өзіңді сүйемін, Лия.

8/Х-1943 жыл.»

Әлия хатын бітіргенде өзгелері әлі жазып жатты. Мерген қыз, соно-у-у алыс көкжиекке қарап қойып, ойға беріліп кетті. Бұлақтағы қам-қайғысыз күндері-ай. Білінбей өте шықты. Бесін ауа Қобда жақтан, есістен бүйірлері бұлтиып төл төмен қарай құлайды. Өз, ері қарап жүре алмайды. Сүйкенбесе түйіп өтпесе болмайтын сияқты. Балалар ызы-шу болып, дүрліге жол береді. Кіп-кішкентай Әлия ғана қасарысып қарсы тұрады. «Мен, Әлиямын! Қане, түйіп көріңдерші, жандарыңды шығарайын!» Ең тентек деген бұзаулар мен лақтар да Әлияны сонадайдан орағытып өтеді. Қас қарауыта жасырынбақ ойнайтын кездер ше? Әлия ойынды орта жолдан тастап кетпейтін. «Ұят емес пе?» дейтін ол, - басында келістік қой, қашан ойынның шарты

тегіс орындалмайынша кетіп қалуға болмайды.» «Шіркін, Бұлақты бір көрсем, арманым болмас еді, суы жаздың шілдесінде де шекеден өтетін.»

- Ефрейтор Молдағұлова, рота командирі шақырады!
Ұрыста тұрыс жоқ.

- Қыздар, мен кеттім.

- Сәттілік тілейміз!

Ара-тұра осылай, жеке-жеке «аң аулауға» шығады. Рота командирі алдымен жағдайын сұрады, содан соң барып тапсырманы айтты:

- Бірінші батальонда «қарсы алдымызда жаудың мергені пайда болды, әдіс-айласы мол, әбден қажытты» деген әңгіме бар, сол мергенді барлап көрсең деймін. Старшина Новиков бірге барады.

- Құп болады, тапсырманы орындауға аттанайын!

Гальперин қазақ қызының соңынан қарап қалды. «Қарай гөр өзін, көздегенін аттап бастырмайтындығын жұрт жыр ғып айтады.»

Дүниеде ең қиыны-пәлен сағат тапжылмай отыру. Алдыға үздіге қарау қажытады. Старшина естілер-естілмес үн қатты:

- Әлия, сәл демалсаң қайтеді? Мен бақылай тұрайын.

- Жолдас старшина, сабыр етсеңіз. Өткенде осы маңайдан бір офицерді көріп едім, аспай-саспай жуынады екен. Соны аңдысам деймін. Жау мергені де сол кезде өзін көрсетпес деймісің.

- Жарайды, келістім.

- Офицердің жуынуына көмектесейін...

Әлия солдат пен офицерді ажыратуды тіпті оңай меңгерген. Әдетте офицерлерді былғары сырт киімінен, фуражкесінен айыруға болады. Және бір артықшылығы әлардың белбеуі болмайды, үнемі бәтеңке киіп жүреді. Жау

солдаты белбеу буынады, етік киеді, пилоткасынан да ажыратудың түк қиындығы жоқ. Қыбыр етпей отырған Әлия маңғазданып жуынатын жеріне беттеген офицерді тез байқады. Оптикалық нысана көздегішті дәлдеді де, шүріппені басты. Өзі бұға қалды. Зуылдаған оқтар өлімнің иісін сездіреді. Бұл-әлгі «сұр мерген». Басқа ұядан тапжылмай қараған старшинаның сөздерін анық естіді:

- Жаудың мергені зәлім екен. Адам ойламайтын тұстан атып жатыр.

Старшинаның ұясына барды. Ол сырт көзге елеусіз көрінетін төбешікті нұсқады. Оптикалық көздегішін төбешіктің үстінде ұстап тұрды. Әккі мерген сол атқаннан кейін ізім-қайым жоқ болды. Басқа-басқа, қыбыр етпей отыруға Әлияның төзімділігі жетеді. Төбешікті кірпік қақпастан бақылаған оның көзіне бір мүйістегі көк шөптің елеусіздеу ысырылғаны байқалды. Оптикалық көздегішті солай бағыттады да атып жіберді. Асылы жан қымбат қой, ыршып түсіп, мылтығын жоғары көтерген сияқты, жау мергенінің мылтығының ұшын ғана көріп қалған Әлия кең тыныстап дем алды. «Аң аулаудың» ең ерекше сәттері осы тұс. Күні бойы шаршағаның су сепкендей басылады. Өмірге деген құмарлық сезім серпіп өтеді. Ажал оғымен арпалысып жүргеніңді бір сәтке естен шығарып, «өмір, қандай тәтті едің!» дегің келеді. Бірақ, бұлар ұяларынан қозғалып үлгірмеді, зеңбіректер күшіне еніп, көк түтін құса бастады. «Қап, - деді старшина, - тағы да кідіріп қалатын болдық-ау, біздің алғы шептің үстінде астан-кестең болып жатыр. Дәл осы жағдайда біздің халіміз оларға қарағанда шүкіршілік. Артын күтейік, қашанғы кәрін төгер дейсің, қазір-ақ басылар»... Соғыстың сәті керек кезінде күте білу екенін де үйрендік қой, - деді Әлия, - құдай қырсығынан сақтасын, аңысын аңдиық, тек іле-шала шабуылға шығып жүрмесе.»

- Айтасың-ау, осы тұрғанда олардың қай әрекеті де құр далбаса, күш біз жақта.

Олар барлық күшті басқа бағытқа төгіп жатқан көрінеді, ал онда бауырларымыз қиналып жатқан болар... Командир айтып отырған, біз көп кешікпей шабуылға шығамыз, құдай қолдаса Калинин ормандарынан бір шығып кетсек, жаман болмас еді.

- Қайдам, фашистердің мына артиллериялық соққысы көңіліме қаяу түсіріп тұр.

- Қызым, бізден де зор адамдар бар, солардың басы ауырсын.

- Менікі, жай әшейін әңгіме ғой.

- Ал, қызым, ептеп қозғалайық, арты ашылған сияқты, осы мүдірісті өз пайдамызға жаратайық.

Олар еңбектеген күйі батальонның алғы шебіне жетті. Комбат та тағатсызданып күтіп тұр екен.

- Аман-есен жетулеріңмен, - деді ол. - Бәрін де көріп тұрмыз. Сендер әлгі ұядан жылжып кетісімен фашистер орындарыңды сипап қалса да, үсті-үстіне оқ жаудырып, минометпен төпеледі. Бақтарың бар екен, тұзақтан тез құтылдығыңдар. Шамасы, өлген мергенін кеш көрген болар.

Старшина екеуі командирдің сөзін бөлмеді. ...Жолай екеуі көңілді әңгімелесіп келе жатты. Барлық ауыртпалық артта қалғандай даурығып сөйлеседі. Новиков та сөзуар.

- Әлия, сенбісің!

Таныс дауысқа екеуі бірдей жалт қарады. Әлия дір ете қалды. «Арман ғой.» Біртүрлі өзгеріп кетіпті, сақал-мұрты көптен бастырылмаған ба, қалай? Дауысынан таныды, ал өзін қарсы келсе де аңғара қоймас.

- Мен темекі тарта тұрайын, - деді старшина бірден жас лейтенанттың осылай қарай асыға адымдағанын байқап.

- Танымай қалған сияқтысың, - деді Арман жақындай беріп, - Кездескен жерімізді қарашы. Біздің батальонның үстінен өтіп бара жатып жерлесіңді сұрастырмайсың, ә?

Әлия жігіттің ашықтығына риза болып тұр. «Сөйлей түссе екен» - деп тіледі. Бірақ, жігіттің бұл сөздері алғашқы қарқыны екен, қайтып үндемей қойды. «Бірдеңе десеңші.»

- Ау, Әлия, саған не болған? Халдерің қалай?

- Шүкір, бар шаруамыз-шетке шыққан фрицті жер жастандыру.

- Ал біз барлаудан оралған бойымыз. Немістердің беті жаман. Бізді шешуші шайқастар күтіп тұрған сияқты.

- Солай де. Түріңнен шошып кетіп едім.

- Бұл түк емес, бәріне де үйрендік. Ел жақпен хабарласып тұрамысың?

- Көптен хат жоқ, қатынас жағы қиын болып жатқан шығар.

- Мен де күте-күте шаршадым. Кеше «Правдадан» Арал балықшыларының жылдық тапсырмасын мерзімінен бұрын орындағандығын оқып, елден хабар алғандай көтеріліп қалдым.

- Сағыныштан құса болып жүрміз ғой бәріміз де.

- Әлия, сені старшина күтіп қалды ғой деймін. Саперлер ротасына өзім іздеп барамын, мен де асығыс едім, бригада штабына баруым керек, ал, көріскенше!

Олар бұл жолы біртүрлі қимастықпен қоштасты. Әлия өз ротасына жеткенше Арманмен арадағы әңгіменің әсерінен арыла алмады.

5

Холм қаласына жақындаған сайын жаудың қарсылығы толас таппай тұрғандығы әркімді-ақ ойландыруда. Брига-

даның басшылығын барлаушылардың мәліметтері де алаңдатып отырған. Уральскийді алмастырған Никита Захарович Сухоробров бригаданың жағдайымен таныса келе, бір нәрсеге басы ашық көзі жетті. Бұрынғы комбриг майданда қалыптасқан күштердің арасалмағын қолдан келгенше өз пайдасына шешуге пайдаланған. Мұнысы сәтті болған тәрізді, әйтеуір, бригаданың орналасуында бір мықты тактикалық көрегендік жатыр. Әдетте әскери бөлімнің қалай орналасқандығынан-ақ оның перспективасын тап басып танитын тәжірибелі командир, өзінен бұрынғы комбригтің тиянақты жұмысына тәнті болды.

- Сонымен, лейтенант, қандай қорытынды жасауға болады? - Комбриг Мұратовқа сынай қарады.

- Шамалауымша, олар шабуылға дайындалып жатқан тәрізді. Құжынаған техника соның дәлеліндей. Адам қарасы да әдетегіден мол. Меніңше, біз сүйретіп келген жау офицері көп жәйттен хабардар болуға тиіс. Штабтың маңызды қызметкерлерінің бірі сияқты. Өйткені, бірталай жерге дейін соңымыздан қалмай атқылап, әрең құтылды.

- Түсінікті болды, окоптары терең бе, әлде бұл жерде ұзақ тұрақтамайтындай жайғасқан ба?

- Олардың жайғасуынан асығыстық байқалады. Көп аялдамай шабуылға шыққысы келетін сыңайлары бар.

Комбриг барлаушылардың жаудың арасында болып келген тобын басқарған лейтенант Мұратовпен асықпай әңгімелесті. Сөздің соңы олардың тұрмысын да қамтыды. Комбригтің «асханаға өкпелерің жоқ па?» деген сауалын естігенде құлағына тосын жәйт шалынғандай күй кешті. Артынан ойлап қараса, командирдің сауалының негізі бар екен. «Ас - адамның арқауы» емес пе?!

Батальонға келген Арман сақал-мұртын бастырды, әскери формасын реттеді. Барлау кезінде ауыртпалықты

бірге бөліскен аға сержант Карпов қалжыңдап қояды:

- Жолдас лейтенант, мына қылығыңызға қарағанда майданда жүріп-ақ хор қызын кездестіргеніңізді сезіп тұрмын.

- Сенің де сезімталдығыңды-ай, осы. Барлауда жүргенде одан келетін пайда зор, ал қазір тіпті ретсіз емес пе?

- Қойдым, қойдым, бір қыз ғашық болатындай көркің бар ғой, лейтенант. Құдай соған жеткізсін.

- Мүмкін солай да шығар, бұл соғыста не болмайды?

- деді енді лейтенант одан әрі сөз жарыстырғысы келмей.

- Тек қана табыс тілейміз, соғыста сезімге ерік берілмесін деген бұйрық жоқ болар.

Жасы егделеу аға сержанттың соңғы сөздері Арманның ойынан шықты. «Шынында да, соғыс кезінде де тіршіліктің тіні үзілмек емес. Ол ойын аяқтап үлгірмеді, байланысшы жүгіріп келіп:

- Жолдас лейтенант! Бригаданың штабынан майор Логинов хабарлады. Сізді дереу корпустың штабына, подполковник Калитвинцевке жолықсын дейді.

...Әлия да бұл кезде мерген құрбыларымен қауышып, көзайым болып жатқан.

- Қарап отырмай, шабуылға шығады екенбіз. Әлгінде рота командирі айтты, - деді Валя Яковлева.

- Мен де жерлес лейтенанттан естігенмін. Бірақ, оның айтуынша қарсы жақ күшін төгіп жатқандай еді.

- Қыздар, - деді Надя Матвеева, - айтуға ұмытып кетіп жүр екенмін. Әлияның лейтенанты бар.

- Әлия, құттықтаймыз!

- Не шықса да, Әлиядан шығады!

- Лия, өзің мықтысың ғой!